

Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиет басылымдарына сараптама жүргізудің шығындар нормативін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 233-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 1277 Жарлығымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде шығарылатын ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиет басылымдарына сараптама жүргізу шығындарының нормативін анықтау мақсатында:

1 . М ы н а л а р :

1) 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шығарылатын ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиет басылымдарының бір авторлық парағына сараптама жүргізуге уақыт нормативі 8 сағат көлемінде белгіленеді;

2) сағат бойынша ақы төлеу ставкасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген базалық лауазымдық жалақыға және сағат бойынша еңбекақы төлеудің 0,09 коэффициентіне негізделе отырып;

3) сарапшы-мамандарға еңбекақысын төлеу басылымның бір томының сараптамасы аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі осы өкімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Премьер-Министр